

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының Қарағанды қаласында филиалын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 18 қараша 1993 ж. N 1151

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мен Қарағанды облысы әкімінің 1993 жылдан бастап Мәдениет министрлігіне бөлінген бюджеттік қаржы есебінен Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының Қарағанды қаласындағы филиалын ашу туралы Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қарағанды облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі консерватория филиалын қажетті материалдық базамен, жабдықтармен және аспаптармен қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қарағанды

облысының әкімі 1994 жылдан бастап тиісті нормаларға сәйкес осы жоғарғы оқу орнының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту және дамыту мақсатында күрделі қаржы қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі консерватория филиалының құрылымын, мамандықтар тізбесін белгілеп, оны білікті ғылыми-педагогтік кадрлармен қамтамасыз ету үшін көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі